

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17650 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 600 бұйрығымен
бекітілген

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 14.06.2019 № 269 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдауды бакалавриаттың, магистратураның, резидентураның білім беру қызметіне лицензияға қосымшалар болған кезде жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау рәсімі

3. ЖЖОКБҰ-ға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

4. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша:

ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 50 балл және "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл;

ағымдағы күнтізбелік жылда жаңадан құрылған және білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алған ұлттық ЖЖОКБҰ-да – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл;

басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша –

кемінде 70 балл және "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Оқуға түсуші ЖЖОКБҰ-ға "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 7-3) тармақшасына сәйкес өткізілетін саралау нәтижелері бойынша ЖЖОКБҰ белгілеген қосымша емтихан және (немесе) өту шекті балынан өткен жағдайда қабылданады.

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын:

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырған және бір мезгілде жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың (ағылшын тілі) бірін ұсынған жағдайда ҰБТ сертификаты үшін шет тілі (ағылшын тілі) балдарының ең жақсы нәтижесі ескеріледі.

SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4-2. Қазақ тілін B1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да "Қазақ тілі" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

Ескерту. Қағидалар 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-3. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-3-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

Ескерту. Қағидалар 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ЖЖОКБҰ Заңның 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына және осы Үлгілік қағидаларға сәйкес ЖЖОКБҰ-ға қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

Қосымша емтиханға қатысу үшін өтінішті қабылдау, оны ЖЖОКБҰ-ның өткізуі 1 шілде мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады, бұл ретте білім беру грантын беру конкурсына қатысушылар үшін қосымша емтихан конкурсқа қатысуға өтініштерді қабылдау басталғанға дейін өткізіледі.

Түсушілер осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген балдарға сәйкес мәлімделген ЖЖОКБҰ-ға қосымша емтиханға қатысуға өтініш береді.

Түсуші қосымша емтиханнан өткен және (немесе) ЖЖОКБҰ белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік оқу орындарына және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша құрылған олардың филиалдарына қабылдау қағидаларын ЖЖОКБҰ дербес әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а . 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар ұлты қазақ тұлғалар қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

ЖЖОКБҰ-ға "орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін, ақылы оқуға түсетін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша адамдарды қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі бар адамдарды ЖЖОКБҰ-ға қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, жалпы орта білімі бар азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша қоспағанда, күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ -ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады, "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша қоспағанда. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Заңға сәйкес іске асырылатын эксперименттік алаң шеңберінде жоғары білім беру бағдарламалары бойынша адамдарды оқуға ақылы негізде қабылдау ҰБТ нәтижелерін ескермей, ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары жүргізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Шетелдік азаматтарды білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша халықаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық және шетелдік ЖЖОКБҰ-ға қабылдауды халықаралық және шетелдік ЖЖОКБҰ дербес жүзеге асырады.

Шетелдік азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Ағылшын тілінде оқуға түсетін шетел азаматтарын "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша ұлттық немесе өзге де жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына (ЖОО) білім беру гранты негізінде немесе ақылы негізде оқуға қабылдау ағылшын тілін меңгергенін растайтын сертификаты болған жағдайда ғана ЖОО қабылдау комиссиялары жүргізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35 балл; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417; TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550; Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест), шекті балл кемінде – 80.

Бұл ретте білім беру гранты негізінде және ақылы негізде шетелдік азаматтарды қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен ЖЖОКБҰ жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а . 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ЖЖОКБҰ-ға оқуға түсу кезінде "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33174 болып тіркелген) бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. ЖЖОКБҰ-ға түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында орналастырылатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін жоғары білімнің жекелеген білім беру бағдарламаларына білім беру гранты бойынша оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты бар ЖЖОКБҰ-ларда жүзеге асырылады.

11. Ұшқыштар мен әуе қозғалысының диспетчерлерін даярлайтын ЖЖОКБҰ-ларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім берудің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы оқуға түсуге тұлғалардан құжаттарды қабылдау ЖЖОКБҰ-ның орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады және "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген) сәйкес азаматтық авиация саласындағы кадрларды даярлауға жарамдылығын көрсететін, авиациялық медициналық орталық берген анықтама ұсынылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.07.2024 № 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Әрбір ЖЖОКБҰ-да басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ЖЖОКБҰ-ның басшысы, проректорлар (ЖЖОКБҰ-ның басшының орынбасарлары), ЖЖОКБҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы

ЖЖОКБҰ-ның басшысы болып табылады. ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Бұл ретте, ЖЖОКБҰ келесі жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары тізілімінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды іске асырмайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-параграф. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

13. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамының қатарынан ЖЖОКБҰ өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, масс-медиа өкілдері кіреді. "

Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссия құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Мәдениет саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы ЖЖОКБҰ комиссияларының құрамына профессор-оқытушылар құрамының, қоғамдық ұйымдардың және/немесе масс-медиа және/немесе жұмыс берушілердің және/немесе басқа ұлттық ЖЖОКБҰ-ның профессор-оқытушылар құрамының ішінен ЖЖОКБҰ өкілдері кіреді. Әрбір шығармашылық емтиханға кем дегенде екі тәуелсіз өкілдің қатысуы қажет.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясы тақ саннан тұрады және емтихан комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен емтихан комиссиясының төрағасы сайланады. Емтихан комиссиясының шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Емтихан комиссиясының шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 15.12.2022 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ-да күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

ЖЖОКБҰ шығармашылық емтихан тапсыру үшін мәдениет саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы ЖЖОКБҰ-ға түсушілерден өтініштер қабылдау:

- 1) күнтізбелік жылғы 20 маусымнан 6 шілде аралығында;
 - 2) күнтізбелік жылғы 12-19 тамыз аралығында (ақылы негізде оқуға түсушілер үшін)
- жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан:

- 1) күнтізбелік жылғы 7-15 шілде аралығында;
 - 2) күнтізбелік жылғы 20-23 тамыз аралығында (ақылы негізде оқуға түсушілер үшін)
- өткізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

18. ЖЖОКБҰ-ға "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының немесе ЖЖОКБҰ-ның медицина факультеттерінің (бөлімшелерінің) орналасқан жері бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде түсушілердің құжаттарын қабылдау және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша ЖЖОКБҰ-ға, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығындағы кезеңде денсаулық

сақтау саласындағы білім беру ұйымының немесе ЖЖОКБҰ-ның медициналық факультеттерінің (бөлімшелерінің) орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсетін тұлғалар республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін шығармашылық емтиханды өздері тандаған ЖЖОКБҰ-ларда тапсырады, ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға түсушілерді қоспағанда.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды қоспағанда, шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ЖЖОКБҰ-ға түсуші адамдар ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

Педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар ЖЖОКБҰ базасында педагогикалық қайта даярлаудан өту үшін арнайы емтихан тапсырады.

Педагогикалық қайта даярлау бойынша арнайы емтихан өткізудің бағдарламасын, мерзімдерін, нысаны мен ұйымдастырылуын ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

"Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ЖЖОКБҰ-ға түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ЖЖОКБҰ-ға түсуші тұлғалар үшін ақылы оқуға қабылданатын түсушілерді қоспағанда жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ-лар әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

22. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және ЖЖОКБҰ-ның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

24. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

25. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

27. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

28. "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

30. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

31. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

32. Меншік нысанына қарамастан ЖЖОКБҰ республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау үшін қосымша, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелерін қорытындысын қосымша, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының цифрлық жүйесіне береді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. ЖЖОКБҰ-ға қабылдау тәртібі

33. ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар ЖЖОКБҰ-ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал)

арқылы осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 10-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Үлгілік қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "цифрлық үкіметтің" операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағида 33-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

33-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, жоғары тұрған әкімшілік органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын қызмет беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Жоғары тұрған әкімшілік органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. Қағида 33-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

33-3. Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін

ЖЖОКБҰ-ның студенттері қатарына қабылдауды ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

Ескерту. Қағида 33-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

34. Алып тасталды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы

орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Үлгілік қағидалардың 33-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Осы Үлгілік қағидалардың 5-тармағында көзделген ҰБТ-ның нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы Үлгілік қағидалардың 15, 33, 36, 37-тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

38. ЖЖОКБҰ-ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ЖЖОКБҰ-ның студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

40. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ЖЖОКБҰ-ға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
1-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау

B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B020	Арнайы педагогика
B084	Мейіргер ісі
BM086	Медицина
BM087	Стоматология
BM088	Педиатрия
BM089	Медициналық-профилактикалық іс
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
B021	Орындаушылық өнер
B022	Музыкатану
B023	Режиссура, арт-менеджмент
B024	Өнертану
B025	Дирижирлеу
B026	Композиция
B027	Театр өнері
B028	Хореография
B029	Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс
B030	Бейнелеу өнері
B031	Сән, дизайн
B033	Дінтану және теология
B042	Журналистика және репортер ісі
B142	Қоғаммен байланыс
B073	Сәулет
B092	Тынығу
B098	Спорт
B099	Аспаптық орындаушылық*
B100	Вокалдық өнер*
B101	Дәстүрлі музыкалық өнері*
B102	Эстрада өнері*
B103	Кино және теледидар режиссурасы*
B104	Сахналық өнерлердің және цирк режиссурасы*
B105	Анимация режиссурасы*
B106	Операторлық және фото өнері*
B107	Медиаөнер және сандық технологиялар*

B108	Сценография*
B109	Сәндік өнері*
B110	Фэшн дизайны*

* білім беру бағдарламаларының топтары мәдениет саласындағы уәкілетті органның қарамындағы басқа жұмыс істеп тұрған білім беру бағдарламаларының топтарымен тең болатын ЖЖОКБҰ қолданады

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
2-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы
1	2	3
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары		
B001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B014	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу

B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу	
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу	
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу	
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу	
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу	
B020	Арнайы педагогика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
B084	Мейіргер ісі	Психометрикалық емтихан	
BM086	Медицина	Психометрикалық емтихан	
BM087	Стоматология	Психометрикалық емтихан	
BM088	Педиатрия	Психометрикалық емтихан	
BM089	Медициналық-профилактикалық іс	Психометрикалық емтихан	
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары			
1	2	3	4
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер*	Спорт ойындары
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер*	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі*	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті) *	Кескіндеме (натюрморт)
B021	Орындаушылық өнер	Жеке бағдарламаны орындау*	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
B022	Музыкатану	Музыкалық әдебиеттен ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау*	Гармония бойынша ауызша емтихан; сольфеджио бойынша Диктант
B023		Жазбаша жұмыс эссе / реферат немесе	Коллоквиум

	Режиссура, арт-менеджмент	Арт-жобаның презентациясы*	
B024	Өнертану	Жазбаша жұмыс: Кинотеледраматургия бойынша эссе және өнер туындыларын талдау*	Өнер тарихы бойынша ауызша емтихан
B025	Дирижерлеу	Дирижерлеу және коллоквиум*	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
B026	Композиция	Өз шығармаларын ұсыну және коллоквиум*	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
B027	Театр өнері	Актёрлік шеберлік, сахна тілі*	Би, вокал
B028	Хореография	Орындау шеберлігі*	Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибелік жұмыс
B029	Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	Жазбаша жұмыс-аудиовизуалды немесе медиа жұмысты талдау	Коллоквиум және портфолио
B030	Бейнелеу өнері	Сурет, кескіндеме 1*	Композиция 1
B031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме 2*	Композиция 2 немесе сызу
B033	Дінтану және теология	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу *	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
B042	Журналистика және репортер ісі	Шығарма*	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
B142	Қоғаммен байланыс	Эссе	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
B073	Сәулет	Сурет*	Сызу
B092	Тынығу	Орындау шеберлігі*	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері
B098	Спорт	Шығармашылық емтихан (Мамандандыру бойынша нормативтер*)	Шығармашылық емтихан (Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер)
B099	Аспаптық орындаушылық	Жеке бағдарламаны орындау*	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
			Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша

B100	Вокадық өнер	Жеке бағдарламаны орындау*	және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
B101	Дәстүрлі музыкалық өнері	Жеке бағдарламаны орындау*	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
B102	Эстрада өнері	Жеке бағдарламаны орындау*	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
B103	Кино және теледидар режиссурасы	Жазбаша жұмыс эссе / реферат*	Коллоквиум
B104	Сахналық өнерлердің және цирк режиссурасы	Жазбаша жұмыс эссе / реферат*	Коллоквиум
B105	Анимация режиссурасы	Фольклорлық шығармаларды режиссерлық кадрларға талдау*	Коллоквиум
B106	Операторлық және фото өнері	Шығармашылық жұмысты талдау*	Коллоквиум және портфолио
B107	Медиаөнер және сандық технологиялар	Жазбаша жұмыс- медиа жобаны талдау*	Коллоквиум және портфолио
B108	Сценография	Сурет, кескіндеме 1*	Композиция 1
B109	Сәндік өнері	Сурет, кескіндеме 1*	Композиция 1
B110	Фэшн дизайны	Сурет, кескіндеме 2*	Композиция 2

* қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша "B029 - Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс" білім беру бағдарламалары тобын қоспағанда

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
2-1-қосымша

SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. Қағидалар 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім

министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Халықаралық стандартталған SAT (ЭсЭйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификатының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінде жинаған балды "оқу сауаттылығы" және "математикалық сауаттылық" пәндері бойынша ҰБТ сертификаты балдарына ауыстыруға болады (1-кесте).

Кесте 1. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1 050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1 150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1 250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) ең төменгі балы 1600-ден 950 балдан кем болмауы тиіс. SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінің балдары жеткіліксіз болса, SAT балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылмайды.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәнінен ҰБТ тапсырған және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) пәндерінің ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттарының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) бөлімдері бойынша балдар SAT Reasoning (Кесте 1) және SAT subject (Кесте 2) ауыстыру шкаласына сәйкес ҰБТ балдарына ауыстырылады.

Кесте 2. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10 нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 44
		2 бейіндік пән	50-ден 44
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 46
		2 бейіндік пән	50-ден 46
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 48
		2 бейіндік пән	50-ден 48
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 50
		2 бейіндік пән	50-ден 50

Ескерту: SAT subject балын ҰБТ дағы бейіндік пәндердің балына ауыстыру SAT subject иегерінің еркімен және балы 800-ден бастап ең төменгі 625 балдан кем болмаған жағдайда жүзеге ауыстырылады. SAT reasoning, SAT subject бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. SAT сертификатының иегері SAT subject бөлімінің балын ескермей, ҰБТ-ның бейіндік пәндерін тапсыруына болады.

*ҰБТ-ның бейіндік пәндері ретінде "Ағылшын тілі – Дүниежүзі тарихы" таңдаған және "World History" пәнін тапсырған SAT Subject иегерлерінің ағылшын тілінен International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшада белгіленген шкалаға сәйкес міндетті түрде сертификаты болуы тиіс.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

АСТ (ЭйСйТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәні бойынша қазақ немесе орыс тілінде ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін АСТ (ЭйСйТи) сертификатының мерзімі берілген күнінен үш жылдан аспауы керек.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесттің English, Mathematics, Reading бөлімдері бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның "оқу сауаттылығы" мен "математикалық сауаттылық" пәндеріне, Science бөлімі бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне белгіленген шкаласына сәйкес ауыстырылады (Кесте 3).

Кесте 3 Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесті		ҰБТ	
Тест бөлімі	Балдар	Тест бөлімі	Балдар
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 26 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 19 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 44 50-ден 44

Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 21 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 46 50-ден 46
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 23 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 48 50-ден 48
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 26 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 50 50-ден 50

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін АСТ ең төменгі балы 36-ның 19 балдан кем болмауы тиіс. АСТ бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. АСТ Science бөлімінің биология, география, химия, физика белгіленген шкалаға сәйкес ҰБТ пәндеріне ауыстырылады.

IB (International Baccalaureate) (АйБи) Халықаралық бакалавриат бағдарламасы сертификаты/диплом балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 4-кестеде берілген.

Кесте 4. Халықаралық стандартталған IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

№	IB (АйБи) Пәндері	IB балдары	1	2	3	4	5	6	7
1	Математика / математикалық сауаттылық	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: IB (АйБи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты бар тұлғалар "Қазақстан тарихы" мен "Оқу сауаттылық" пәндерінен ҰБТ тапсырған жағдайда және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 5-кестеде берілген.

Кесте 5. A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндері	A Level (Э-Левел)						
		U	E	D	C	B	A	A*

1	Математика / математикалық сауаттылық)	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: Халықаралық стандартталған тест сертификаттары SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) балдарын ҰБТ балдарына жекелеген пәндер бойынша ауыстыру жасалмайды.

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және одан жоғары	50	50
2		5.5	46	46
3		5.0	42	42

Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	60 және одан жоғары	50	50
2		46-59	46	46
3		35-45	42	42
1	TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	498 және одан жоғары	50	50
2		460-497	46	46
3		433-459	42	42

SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) халықаралық стандартталған тесттердің сертификаттарында (дипломдарында) ағылшын тілі пәні болмаған жағдайда Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based

Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес бірге қолданылуына рұқсат етіледі.

Жоғары білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
2-2-қосымша

ҚАЗТЕСТ сертификаты балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы (бейіндік пән/арнайы пән "Қазақ тілі")

Ескерту. Қағидалар 2-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Тест түрі	Деңгейі	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" арнайы пән бойынша балы
КАЗТЕСТ	C1	50	50
	B2	46	46
	B1	42	42

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
2-3-қосымша

"НЗМ" ДББҰ бітірушілерінің оқудағы нәтижелерінің сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. Қағидалар 2-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

[illegible]

2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
3	Орыс тілі (оқу сауаттыл ығы)	10	3	5	6	7	8	9	10
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
5	Қазақста н тарихы	20	7	11	13	16	17	19	20
6	Математ ика (Математ икалық сауаттыл ық)	10	3	5	6	7	8	9	10
7	Математ ика (бейіндік пән)	50	16	26	32	40	46	49	50
8	Бейіндік пәндер	50	16	26	32	40	46	49	50

*Ең жоғарғы нәтиже

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 3-қосымша

Ескерту. Қағидалар 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жок.
3		Мемлекеттік қызметті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ)

	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	– (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www. egov. kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Құжаттарды қабылдау бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі, ал оқуға қабылдау күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты (практиканы ескере отырып)-15 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) қағаз түрінде.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық болып табылады. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін негізде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында: www.sci.gov.kz;

2) порталда: www.egov.kz орналастырылған.

көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (төлнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;

5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру

жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) ҰБТ сертификатын;

7) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

8) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (болған жағдайда).

Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады. портал арқылы өтініш жасаған кезде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
- 2) 3x4 көлеміндегі цифрлық фото;
- 3) ҰБТ сертификаты;
- 4) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтаманы, ҰБТ электрондық сертификатын және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлікті (цифрлық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден цифрлық жүйе арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушы порталда "жеке кабинетінде" ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылдағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 20 маусым – 25 тамызы аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

	1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысанда өтініш; 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа); 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); 4) өлшемі 3 х 4 сантиметр болатын 6 фотокарта; 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама. Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады; 6) әскери билеттің көшірмесі. Шетелдік азаматтар үшін құжаттарды қабылдау оқу орнынан берілген анықтама немесе тиісті білім деңгейін аяқтағанын растайтын құжат, сондай-ақ үлгерім табелі (транскрипт) негізінде жүзеге асырылады. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі немесе жоғары білім туралы құжаттың түпнұсқасы тиісті академиялық кезең басталғанға дейін ұсынылады Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында танылуға жатады.
	Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздер бойынша бас тартады: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың

11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылған: www. sci. gov. kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 600 бұйрығына
2-қосымша

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 14.06.2019 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарын, докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының, ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдардың (бұдан әрі – ғылыми ұйымдардың) резидентурасының білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдауды бакалавриаттың, магистратураның, резидентураның білім беру қызметіне лицензияға қосымшалар болған кезде жүзеге асырады.

Бұл ретте, ЖЖОКБҰ мынадай жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары тізілімінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды жүзеге асырмайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а . 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі

3. Магистратураға, докторантураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының, ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдардың резидентурасына тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Магистратураға, докторантураға және резидентураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік оқу орындарына және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша

құрылған олардың филиалдарына қабылдау қағидаларын ЖЖОКБҰ дербес әзірлейді және бекітеді.

Заңға сәйкес іске асырылатын эксперименттік алаң шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша адамдарды оқуға ақылы негізде қабылдау КТ нәтижелерін ескермей, ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары жүргізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдарға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а . 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдарда қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымның басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдар басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Докторантураға және резиденттураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) араб тілінен түсу емтиханын және (немесе) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.

7. ЖЖОКБҰ-да магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның цифрлық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусым – 8 шілде аралығында;

2) күнтізбелік жылғы 28 қазан – 10 қараша аралығында жүргізіледі.

IELTS (International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем), TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Интернет бейзид тест), DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун), TFI (Test de Franzais International (Тест де франсэ Интернациональ), Diplome d'Etudes en Langue franzaise (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз), DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз), TCF (Test de connaissance du franzaais (Тест де коннэссанс дю франсэ) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе осы Үлгілік қағидаларға 1-2, 2, 3 -қосымшаларға сәйкес ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде жүзеге асырылады.

Магистратураға түсушілер үшін араб тілінен түсу емтиханы және шығармашылық емтихандар ЖЖОКБҰ-да келесі мерзімдерде:

1) күнтізбелік жылғы 16 шілдеден 25 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 21 қарашадан 28 қарашаға дейін өткізіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының, сондай-ақ ЖЖОКБҰ резидентурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды күнтізбелік жылғы 3-25 шілде аралығында ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары жүргізеді. Резидентураға түсу емтихандары күнтізбелік жылғы 8-16 тамыз аралығында өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылым ұйымдарының қысқартылған резидентура бағдарламаларына түсушілердің өтініштерін

қабылдауды қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде жеке оқу жоспары бойынша және тек ақылы негізде жүргізеді.

ЖЖОКБҰ-да докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары және ҰТО-ның цифрлық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде:

- 1) күнтізбелік жылғы 3 шілде – 3 тамыз аралығына дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 28 қазан – 10 қараша аралығында жүргізіледі.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру осы Үлгілік қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде қабылдау кезінде жүзеге асырылады.

"Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) мүгедектікті белгілеу туралы құжатты көрсеткен кезде көру, есту, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдар қосымша тестілеуге және түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекшіні ұсыну қажеттігі туралы қосымша көрсетеді.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификатының балдарын КТ балдарына ауыстыру бөлек блоктар бойынша жүзеге асырылмайды.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады.

Түсуші өтініш беру кезінде бір ЖЖОКБҰ және бір білім беру бағдарламасының тобын көрсетеді.

Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) шетелдік азаматтарды қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);
- 5) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат;

философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсушілер үшін:

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест), шекті балл кемінде – 80;

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДИСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТИДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELFI) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALFI) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

бейіні бойынша докторлар, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша докторантураға түсушілер үшін:

ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ);

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн));

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест);

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ);

TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (TDF) (ТИДИЭФ);

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ);

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELFI) (ДЭЛФ);

Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALFI) (ДАЛФ);

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ).

Философия докторлары (PhD) және бейіні бойынша докторлар бағдарламасына "D005 – Дене шынықтыру педагогтерін даярлау", "D006 – Музыка педагогтерін даярлау", "D017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" және "D018 - Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсуші үміткерлерге шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттар талап етілмейді;

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама.

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша).

Бұл ретте ЖЖОКБҰ-ға қабылдау кезеңінде қолданылу мерзімі бар сертификаттар ұсынылады.

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның жеке кабинеті арқылы жолданады.

Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін жарамды.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Магистратура мен докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін жүзеге асырылады.

Өткізу кезеңінде қосымша тестілеуді және түсу емтиханын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а . 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7-1. MBA (MBA) білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

МВА (МВА) білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, МВА (ЕМВА) бағдарламаларына қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен ЖЖОКБҰ-лар жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.

8. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының және ЖЖОКБҰ докторантурасына қабылдау екі кезеңмен жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының және ЖЖОКБҰ докторантурасына түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін, күнтізбелік жылғы 1 ақпаннан 15 сәуірге дейін жүргізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша білім алу үшін алдын ала іріктеу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары және ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін өткізілген алдын ала іріктеудің нәтижелері түсу емтиханын тапсыруға рұқсат беру немесе рұқсат бермеу болып табылады.

МВА және DBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау ЖЖОКБҰ-лармен дербес жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. DBA білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

DBA білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, DBA бағдарламаларына қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен ЖЖОКБҰ-лар жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.

1-параграф. Магистратураға, резидентураға қабылдау және түсу емтихандарын, КТ өткізу

9. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген адамдар, резидентураға – жоғары білім немесе медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "Дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат қабылданады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Магистратураға немесе резидентураға түсуші адамдар күнтізбелік жылғы 25-28 тамыз аралығында ЖЖОКБҰ – ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)

ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы немесе медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні. Құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұраудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ-ға магистранттардың немесе резиденттердің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Келісуші мемлекеттік органның жауабы теріс болған не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Үлгілік қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "цифрлық үкіметтің" операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағида 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, жоғары тұрған әкімшілік органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын қызмет беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол

үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Жоғары тұрған әкімшілік органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. Қағида 10-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін, шығармашылық дайындықты талап ететін, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бейінді магистратураға түсетін тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары тобының магистратурасына түсуші тұлғалар:

1) араб тілі бойынша түсу емтиханын;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.07.2024 № 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсыру кезеңінде оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан құрылады және комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлай отырып, ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Шығармашылық емтихандарын өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысы баға ведомосымен және комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді, нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді береді.

Араб тілінен түсу емтихандарын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ дербес жазбаша түрде өткізеді. Бұл ретте түсушілер араб тілінен түсу емтиханын оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Араб тілінен түсу емтиханын өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан құрылады және комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлай отырып, ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Араб тілінен түсу емтихандарын өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Араб тілі бойынша емтихандардың кестесін (емтихан өткізу күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

Араб тілінен түсу емтихандары бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Араб тілінен емтиханды өткізу қорытындылары баға ведомосымен және комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді, нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі.

Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, араб тілі бойынша емтихан аяқталғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда араб тілінен емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы араб тілінен түсу емтиханының нәтижелері бойынша түсушіге араб тілінен емтихан тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Резидентураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтихандарын тапсырады.

Резидентураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары, ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдар дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханын түсетін денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында, ЖЖОКБҰ-да немесе ғылыми ұйымдарда тапсырады.

Резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында, ЖЖОКБҰ-да немесе ғылыми ұйымдарда білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың мәндес бағыты бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес аударыла отырып келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung;

француз тілі: TFI (Test de Francais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise), DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise), TCF (Test de connaissance du francais).

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімі білім беру гранттарын республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау барысында қабылдау комиссиялары тарапынан тексеріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

КТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

2-параграф. Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу

16. PhD докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген, бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға, оның ішінде индустриялық PhD және DBA (Doctor of Business Administration (ДиБиЭй)) бағдарламалары бойынша – магистратура немесе бейінді магистратураға теңестірілген жоғары арнайы білімі бар тұлғалар қабылданады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылғы 22 мен 28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес Негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білімі туралы немесе медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау

туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "цифрлық үкіметтің" операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

17-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Ескерту. Қағида 17-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау ЖЖОКБҰ-да жүргізіледі.

19. "D005 – Дене шынықтыру педагогтерін даярлау", "D006 – Музыка педагогтерін даярлау", "D017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" және "D018 - Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" білім беру бағдарламаларының топтарын қоспағанда, докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігіне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 35;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл – кемінде 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл – кемінде 80;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B1/B1 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Prufung (Niveau B1/B1 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B1

деңгейінен төмен емес, DALF (Diplome Approfondi de Langue française) – B1 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du français) – B1 деңгейінен төмен емес;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеуді тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын осы Үлгілік қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы осы Үлгілік қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Компьютерлік форматтағы докторантураға түсу емтиханына өтініштерді қабылдау базасы жабылғаннан кейін ҰТО түсушілерді білім беру бағдарламаларының топтары

бойынша ЖЖОКБҰ бөлінісінде түсу емтиханын тапсыру күндері бойынша бөлуді жүзеге асырады.

Түсу емтихандарының өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

"Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын осы Үлгілік қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес докторантураның білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші "Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантураның білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

Түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген, бірақ белгіленген күні төмендегі дәлелді себептермен түсу емтиханына қатыспаған түсушіге, басқа лек пен аудиторияда орын жағдайда компьютер форматындағы түсу емтиханын өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде немесе ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған түсу емтиханын өткізу пункті бар басқа қалада түсу емтиханына қатысуға немесе ақша қаражатын қайтаруға мүмкіндік беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 қарашадағы № 21660 болып тіркелді) бекітілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (нысан бойынша) немесе анықтамасы болған кезде;

2) тізбесі "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған жақын туыстарының қайтыс болғанын растайтын құжаттар;

3) төтенше жағдайлар болған кезде.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20-1. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

1) түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) эссе жазудан;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қорытынды баға осы Үлгілік қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес эссені бағалау, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен

әңгімелесу нәтижелерін қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

әңгімелесуге – 20 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша докторантураға түсу емтиханы әңгімелесу және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары бөлімдерінен тұрады.

Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша докторантураға қорытынды баға осы Үлгілік қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әңгімелесу, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерін және кәсіпорындар мен ұйымдардан ұсыныс хаттың болуын қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша докторантураға түсу емтиханына 2 сағат 30 минут (150 минут) беріледі.

Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда түсу емтиханын тапсыруға 30 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының әкімшісі (бұдан әрі – тестілеу әкімшісі) түсушілерге қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу ережелері бойынша нұсқаулық жүргізеді.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының басталуы жарияланғаннан кейін уақыт бойынша 40 минуттан артық кешігіп келгендер қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына жіберілмейді.

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын бастау үшін түсушіге:

1) тестілеу жүйесіне кіру үшін логин және құпия сөзді енгізу немесе жеке сәйкестендіру номерін (бұдан әрі - ЖСН) енгізіп адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;

2) қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханы туралы деректердің дұрыстығын растау;

3) қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу қағидаларымен танысу;

4) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын тапсыруға кірісу қажет.

Тапсырмаларды шешу бойынша жұмысты орындау үшін әрбір түсушіге А4 форматтағы қағаз беріледі, оны қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы аяқталғаннан және апелляцияға өтініш берілгеннен кейін отырғызу орнында қалдырады.

Түсуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және шығу кезінде, сондай-ақ тестілеу аяқталғаннан кейін компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы аяқталғаннан кейін түсуші мұны "Тестілеуді аяқтау" батырмасын басу арқылы растайды.

Түсу емтиханы аяқталған соң түсушінің эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімдері бойынша жауаптары өзі таңдаған ЖЖКОБҰ-ға өңдеу және бағалау үшін жіберіледі.

Түсу емтиханының нәтижесі түсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша түсушіге Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын және түсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

Түсу емтиханының электрондық сертификаты Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

Ескерту. Қағида 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20-2. ЖЖКОБҰ алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және ЖЖКОБҰ-ның ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

Ескерту. Қағида 20-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20-3. Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу үшін жергілікті жерлерде қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі өңірлік мемлекеттік комиссиялар құрылады, оларды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағалары болып ЖЖОКБҰ-ның басшылары тағайындалады.

Өңірлік мемлекеттік комиссияның құрамына құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Бұл ретте мемлекеттік комиссия құрамына күнтізбелік жылы жақын туыстығы Кодекспен белгіленген қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын тапсыратын адамдардың туыстары кірмейді.

Өңірлік мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды.

Өңірлік мемлекеттік комиссия қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу кезінде:

1) қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына кіргізу кезінде және қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді;

2) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезеңінде медициналық персоналдың жұмысын ұйымдастырады;

3) көру қабілеті, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар тұлғалар үшін түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пән оқытушысы болып табылмайтын көмекші және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар тұлғалар үшін ымдау тілін меңгерген маман беруді ұйымдастырады;

4) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезінде шкафтардағы (ұяшықтардағы) түсушілердің жеке заттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

5) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханына түсушілерді кіргізу процесіне қатысады.

Бұл ретте, өңірлік мемлекеттік комиссия төрағасы мен мүшелері қосымша тестілеу және түсу емтиханы процесіне қатыспайды.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезінде техникалық жарақтандыру жөніндегі ең төмен техникалық талаптар осы Үлгілік қағидаларға 9-1-қосымшаға келтірілген.

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарға тестілеу әкімшілері, сондай-ақ ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар қызметкерлерінің, азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатарынан бақылаушылар жіберіледі.

ҰТО тестілеу әкімшілері арасынан қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу процесін үйлестіретін тестілеу әкімшілері тобының басшысын тағайындайды. Тестілеу әкімшілер тобының басшысы қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу күні осы Үлгілік қағидаларға 11-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы тестілеу әкімшілерін аудиториялар бойынша бөледі.

Тестілеу әкімшісі өзіне бекітілген аудиторияға және отырғызу орындарына жауап береді.

Тестілеу әкімшілері аудитория мен дәліз бойынша кезекші қызметін атқарады.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы өткізілген күні тестілеу әкімшісі отырғызу парағын басып шығарады.

Түсушілер қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына бір-бірден кіргізіледі және жеке басын куәландыратын құжаты немесе төлқұжаты негізінде түсушілердің жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі.

Түсуші отырғызу парағында көрсетілген нөмірге сәйкес орынға отырады.

Отырғаннан кейін түсуші осы Үлгілік қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парағына қол қояды.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханына кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханына кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде түсушіде тыйым салынған заттар (тест тапсырмаларының мазмұнын ашатын негізгі мәліметтер мен басқа да жазбалардың мазмұны бар шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, А0-А10 форматтағы қағаз, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдірік, смарт жүзіктер, фитнес-білезіктер (трекер), диктофондар, сымды және сымсыз құлаққаптар, микрофон, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) табылған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеуге немесе компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында тыйым салынған заттарды табу бойынша акт жасайды және түсуші қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына ағымдағы кезеңде жіберілмейді.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша қосымша тестілеу немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды, түсуші осы қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына кіргізілмейді.

Өз орнына бөгде тұлғаны кіргізуге талпынған түсушілерге ағымдағы жылы қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына кіруге рұқсат етілмейді.

Ескерту. Қағида 20-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20-4. Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу барысында түсушіге:

1) аудиториядан дәліз кезекшісінің функциясын атқаратын түсу емтиханы тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;

2) аудиториядан 2 рет және ұзақтығы 10 минуттан артық шығуға;

3) сөйлесуге, орын ауыстыруға;

4) құжаттармен және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы парағымен алмасуға;

5) құжаттарды және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы паракты аудиториядан шығаруға, сондай-ақ оларды жырту, бүктеу арқылы бүлдіруге;

6) аудиторияға тест тапсырмаларының мазмұнын ашатын негізгі мәліметтер мен басқа да жазбалардың мазмұны бар шпаргалкалар, А0-А10 форматтағы қағазды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плеерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт көзілдірікті, смарт сағаттарды, смарт жүзіктерді, фитнес-білезіктерді (трекер), диктофондарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, микрофонды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ мынадай стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

7) қосымша тестілеуде немесе түсу емтиханында пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

8) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы басталар алдында немесе барысында шулауға;

9) тестілеу тапсырмалары мен емтихан сұрақтарының мазмұнын талқылауға, жария етуге және шығаруға;

10) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы және қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

Бұл ретте компьютерде қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы бағдарламасының интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі.

Түсуші аудиториядан шыққан жағдайда және аудиторияға қайта кірген кезде металл іздегішпен тексеріліп кіргізіледі.

Қосымша тестілеуде немесе түсу емтиханында тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар түсушіден табылған кезде, сондай-ақ, түсуші осы тармақты бұзған жағдайда тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеуді немесе компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы, қосымша тестілеу немесе түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды және түсуші осы қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын аяқтамайды, аяқтаған жағдайда нәтижелері жойылады.

Түсу емтиханын немесе қосымша тестілеуді өткізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеуді немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды.

Бөгде тұлға аудиториядан шығарылады. Қосымша тестілеудің немесе түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады, түсуші қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын аяқтаған жағдайда нәтижелері жойылады.

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу барысында өз орнына бөгде тұлғаны кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын тапсыруға рұқсат етілмейді.

Түсушіге түсу емтиханы немесе апелляцияға өтініш берген кезде түсушінің жеке басын ашатын (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) дербес деректерді, таңбаларды, белгілерді, білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес келмейтін сөз тіркестерін енгізуге рұқсат етілмейді.

Жоғарыда аталған фактілердің бірі анықталған жағдайда түсушінің түсу емтиханы бойынша жауаптары бағаланбайды және өңделмейді.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші тестілеу әкімшіге хабарлауы қажет. Тестілеу әкімшісі

осы Үлгілік қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін толтырады.

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, ҰТО-мен келісіп тестілеу әкімшісі мен өңірлік мемлекеттік комиссия осы Үлгілік қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы процесін тоқтату (күшін жою) және басқа күнге ауыстыру туралы акт жасай отырып, қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы процесін тоқтатады (күшін жояды) және басқа күнге ауыстырады.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы процесін тоқтата тұру немесе ауыстыру туралы акт тестілеу әкімшісі және өңірлік мемлекеттік комиссиямен бірлесіп жасалады.

Электр қуаты ажыратылған жағдайда, түсушінің жұмыс орнында қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының процесі туралы деректер (тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтарына бұрын белгіленген жауаптар, қосымша тестілеудің немесе түсу емтиханының пайдаланылған уақытының саны) сақталады.

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын одан әрі жалғастырған кезде түсуші қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы процесі тоқтатылған жерден бастап қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы процесін жалғастырады.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын басқа күнге ауыстырған жағдайда түсушінің қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы тоқтатылғанға дейін тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтарына бұрын белгіленген жауаптары сақталмайды.

Ескерту. Қағида 20-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20-5. Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу кезеңінде күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және (немесе) 19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында ҰТО-да қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы барысында күтпеген жағдайлар туындаған кезде шешімдер қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – ҰТО комиссиясы) құрылады.

ҰТО комиссиясының функциялары:

1) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезіндегі күтпеген жағдайларда шешімдер қабылдау;

2) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезеңінде бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру бойынша түсушілердің осы Үлгілік қағидалардың 20-3 және 20-4

тармақтарында көрсетілген ережелерді бұзғаны және тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы нәтижелерінің күшін жою туралы шешім қабылдау;

3) қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы аяқталғаннан кейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының нәтижелерін (қосымша тестілеудің немесе түсу емтиханының сертификаты) жоюға ұсыну.

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу кезеңінде күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және (немесе) 19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында ҰТО қосымша тестілеудің немесе түсу емтиханының бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады және тестілеу жүйесіне (электрондық форматқа) түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүргізеді және түсушілердің қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы уақытында Үлгілік қағидалардың 20-3 және 20-4-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы және (немесе) ереже бұзғаны анықталған жағдайда және тестілеу жүйесіне түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижелері бойынша ҰТО-мен осы Қағидаларға 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланған, тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) тестілеу жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы анықталған түсушілерді анықтау туралы акт жасалады. Комиссия шешімімен қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының сертификаты жойылады.

Қосымша тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының сертификаты жойылғаннан кейін ҰТО түсушінің электрондық поштасына хабарлама жібереді және ақпаратты оның жеке кабинетінде орналастырады.

ҰТО күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және (немесе) 19 қараша және 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы аяқталғаннан кейін бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады және тестілеу жүйесіне (электрондық форматқа) түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) 3 (үш) ай ішінде тексеруді жүргізеді.

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханында және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша, түсушілердің осы Қағидалардың 20-3 және 20-4 тармақтарында көрсетілген ережелерді бұзғаны үшін және (немесе) тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған жағдайда, ҰТО еркін түрде акт толтырады және растайтын материалдарымен бірге ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Акт және растайтын құжаттар ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады. Комиссияның шешімі бойынша қосымша тестілеудің және (немесе) түсу емтиханының сертификаты ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Қосымша тестілеу және (немесе) түсу емтиханы сертификатының нәтижелері жойылғаннан кейін ҰТО түсушінің электрондық поштасына хабарлама жібереді және ақпаратты оның жеке кабинетінде орналастырады.

ҰТО түсушінің қосымша тестілеу және (немесе) түсу емтиханы нәтижесінің жойылуы туралы ЖЖОКБҰ-ны хабарлайды.

Ескерту. Қағида 20-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20-6. Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді ЖЖОКБҰ "Эссе жазу" және "Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар" блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Ескерту. Қағида 20-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – ЖЖОКБҰ-да білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

22. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан және апелляциялық комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан және апелляциялық комиссиясының құрамы комиссия төрағалары көрсетіле отырып, ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен бекітіледі және ғылым және жоғары білім саласындағы және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін цифрлық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

23. ЖЖОКБҰ-лар және ғылыми ұйымдар түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін ҚР ҒЖБМ және ҚР ДСМ-ге докторантура, магистратура, резидентура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Докторантураға түсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдарда ЖЖОКБҰ апелляциялық комиссиялары құрылады.

КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді қарастыру үшін ҚР ҒЖБМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Апелляциялық комиссия резидентураға, докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.

26. Докторантураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке және ҰТО-ның цифрлық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер докторантураға түсу емтихандары, шығармашылық емтихандар және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Магистратураға түсу үшін электрондық форматтағы КТ кезінде апелляцияға өтінішті тестілеуге қатысқан тұлға ҰТО цифрлық жүйесі арқылы:

техникалық себептер бойынша тестілеу кезінде;

мазмұны бойынша тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде береді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-1. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

Түсушіге түсу емтиханы нәтижесі бойынша апелляцияға өтініш беру барысында осы Үлгілік қағидалардың 20-3 және 20-4-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды кіргізуге және аудиториядағы тәртіп сақтау ережелерін бұзуға рұқсат етілмейді.

Апелляцияға өтініш беру үшін кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде осы Үлгілік қағидалардың 20-3-тармағында көрсетілген тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеуге немесе компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында тыйым салынған заттарды табу бойынша акт жасайды. Түсушіге ағымдағы кезеңде апелляцияға өтініш беруге жол берілмейді.

Апелляцияға өтініш беруге кіргізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеу немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды, түсуші ағымдағы кезеңде апелляцияға өтініш беруге жіберілмейді, сонымен қатар, түсушіге ағымдағы жылы қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына кіруге рұқсат етілмейді.

Апелляцияға өтініш беру барысында осы Үлгілік қағидалардың 20-4-тармағында көрсетілген тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы,

қосымша тестілеу немесе түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды. Апелляцияға берілген өтініш жойылады. Түсушіге ағымдағы кезеңде апелляцияға өтініш беруге жол берілмейді.

Апелляцияға өтініш беру барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Үлгілік қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеуді немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды және апелляцияға берілген өтініш жойылады.

Бөгде тұлға аудиториядан шығарылады. Қосымша тестілеудің немесе түсу емтиханының нәтижелері жойылуға жатады.

Апелляцияға өтініш беру барысында өз орнына бөгде тұлғаны кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын тапсыруға рұқсат етілмейді.

Докторантураға түсу емтиханына мазмұны бойынша апелляцияға 40 минут беріледі

Мазмұны және техникалық себеп бойынша Докторантураға түсуші тұлғалардан ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясын Республикалық апелляциялық комиссия қарастырады.

Докторантураға түсуші тұлғалар ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясының техникалық себептері бойынша өтінішін түсу емтиханы өткізу барысында береді.

Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қабылданады.

Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

Докторантураға түсуші тұлғалар мазмұны бойынша ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясына өтінішті 30 минут ішінде береді.

Докторантураға түсуші тұлғалардан мазмұны бойынша ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясы мынадай жағдайларда қаралады:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

2) дұрыс жауап жоқ;

3) барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында бір бірден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған.

Эссе жазу, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар блоктары бойынша апелляцияға өтініштерді ЖЖОКБҰ апелляциялық комиссиялары қарастырады.

Эссе жазу, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап жазу бөлімдерінен және (немесе) ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу бойынша апелляцияға берілген өтініште дәлелді негіздеме көрсетілмесе (жауап жоқ, толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі), қарастыруға жатпайды.

Республикалық апелляциялық комиссияның және ЖЖОКБҰ апелляциялық комиссиясының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

29. Түсу емтихандарын және КТ өткізу кезінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында КТ өткізу пункттеріне және ЖЖОКБҰ-ларға ҚР ҒЖБМ өкілдері жіберіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

30. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 7-1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының

бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл саны 35 балды құрауы тиіс.

Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау араб тілі бойынша түсу емтихандарының және КТ нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Магистратураға түсушілер ЖЖОКБҰ белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Тұлғаларды резидентураға қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл, бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша

докторантураға, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша – 80 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін 7-1-қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін 8-қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратура үшін 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл;

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратура үшін 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл;

6) резидентура үшін – кемінде 75 балл.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл, бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша – кемінде 50 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.07.2024 № 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау кезінде басымдық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар /дипломдар ескеріледі.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, бейіні бойынша докторлар бағдарламасы, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша докторантураға қабылдау кезінде басымдықты шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттың ең жоғары балы бар тұлғалар алады. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар /дипломдар ескеріледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.07.2024 № 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

33. Алып тасталды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдар ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде

қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 15 қазанға дейін қайтарылады.

Ескерту. Қағидалар 34-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

35. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін:

1) өтініш (еркін нысанда);

2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

3) КТ сертификатын және осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары тобы бойынша (шығармашылық) емтихан тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда) (магистратура үшін);

4) түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резидентура үшін);

5) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат және білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);

6) еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);

7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

8) алдын ала іріктеу нәтижелерін ("Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша докторантура үшін) тапсырады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша докторантураға түсу емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
1-қосымша

Шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім бағдарламалар тобының коды	Білім бағдарламалар тобы	1-пән	2-пән
M022	Музыкатану	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M023	Аспаптық орындау	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M024	Вокалдық өнер	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M025	Дәстүрлі музыкалық өнер	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M027	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M028	Режиссура	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M029	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M030	Эстрада өнері	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M031	Хореография	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M032	Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M033	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M034	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M036	Полиграфия	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M037	Арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 1-1-қосымша

Ескерту. Қағида 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ.
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ) – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www. egov. kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Құжаттарды қабылдау бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі, ал оқуға қабылдау: 1) күнтізбелік жылғы 15-28 тамыз аралығында; 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты (практиканы ескере отырып)-15 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған), қағаз түрінде.
		Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі құжаттарды қабылдау

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	туралы қолхат беру және күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейін қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуден өткендерге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық шығару болып табылады. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін негізде көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік

		қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары: 1) Министрліктің интернет-ресурсында: www. edu. gov. kz; 2) порталда: www. egov. kz орналастырылған.
		1. Магистратураға немесе резидентураға түсуші тұлғалар: ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде : 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін түрде өтінішті; 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа) (магистратураға түсу үшін); 3) медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат (резидентураға түсу үшін); 4) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 5) көлемі 3х4 сантиметр алты фотосурет; 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына

қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде - 60;

неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ) – B2 деңгейі;

TestDaF-Prufung(тестдаф-прюфун) (TDF) (ТИДИЭФ) – B2 деңгейі;

француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

8) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақтың 3), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды. портал арқылы өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 6.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде - 60;

неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ) – B2 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prufung(тестдаф-прюфун) (TDF) (ТИДИЭФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг

франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

3) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

4) көлемі 3х4 сантиметр цифрлық фото;

5) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

2. Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде :

1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шетел азаматтарын қоспағанда, Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) берген мемлекеттік тіл

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;

5) шетел азаматтарын қоспағанда, шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:

ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл кемінде – 80;

неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ) – B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (TDF) (ТИДИЭФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг

франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B1 деңгейінен төмен емес.

Философия докторлары (PhD) және бейіні бойынша докторлар бағдарламасына "D005 – Дене шынықтыру педагогтерін даярлау", "D006 – Музыка педагогтерін даярлау", "D017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" және "D018 - Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсуші үміткерлерге шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттар талап етілмейді.

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама.; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) көлемі 3х4 сантиметр алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын электрондық құжат;

9) Ғылыми зерттеу жобасы (Research proposal) (РисҰрч прэпоузал) және соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша).

Осы тармақтың 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды. портал арқылы өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеу негіздемесінің электрондық құжаты;

3) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;

4) шетел азаматтарын қоспағанда, шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж

Инститьюшнал Тестинг програм
Интернет бейзид тест) (TOEFL
IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті
балл кемінде – 35;

Test of English as a Foreign
Language Institutional Testing
Programm (Тест ов Инглиш аз а
Форин Лангудж институшинал
тестинг програм) (TOEFL ITP) (
ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл
кемінде – 417;

TOEIC (Test of English for
International Communication (Тест
ов Инглиш фо Интернейшнал
комуникэйшн)), шекті балл
кемінде – 550;

Duolingo English Test (Дуолинго
Ингиш тест), шекті балл кемінде –
80;

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den
Hochschulzugang (дойче
щпрахпрюфун фюр дейн
хохшулцуган) (DSH) (ДИСИЭИЧ)
– B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун
) (TDF) (ТИДИЭФ, ниво B1)– B1
деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест
де франсэ Интернациональ) (TFI) (
ТФИ) - оқу және тыңдау
секциялары бойынша B1
деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue
français (Диплом дэтюд ан Ланг
франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B1
деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue
français (Диплом Аппрофонди де
Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) –
B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (
Тест де коннэссанс дю франсэ) (
TCF) (ТСФ) – B1 деңгейінен
төмен емес.

Философия докторлары (PhD)
және бейіні бойынша докторлар
бағдарламасына "D005 – Дене
шынықтыру педагогтерін даярлау"
, "D006 – Музыка педагогтерін
даярлау", "D017 - Қазақ тілі мен
әдебиетінің педагогтерін даярлау"

		және "D018 - Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау" білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсуші үміткерлерге шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттар талап етілмейді. 5) көлемі 3x4 сантиметр цифрлық фото; 6) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын электрондық құжат; 7) Ғылыми зерттеу жобасы (Research proposal) (РисҰрч прэпоузал) және соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден ұсынылады.
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздер бойынша: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттар және (немесе) олардағы деректер (мәліметтер) дұрыс болмағанда; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде бас тартады.
		Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті

12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	электрондық нысанда портал арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және Бірыңғай байланыс орталығы 8-800-080-7777, "1414".
----	--	---

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
1-2-қосымша

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын магистратураға КТ бойынша шет тілінен тест балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. 1-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Тест түрі	Балл	Шет тілі бойынша балл
IELTS	6 кем емес	25
	6,5 кем емес	30
	7 кем емес	40
	7,5 кем емес	45
	8 кем емес	50
TOEFL IBT	60 кем емес	25
	79 кем емес	30
	94 кем емес	40

	102 кем емес	45
	110 кем емес	50
	B2 деңгейінен кем емес	25
DSH, TestDaF-Prüfung	Niveau C1/деңгей C1	35
	Niveau C2/ деңгей C2	50
	B2 деңгейінен кем емес	25
TFI, DELF, DALF, TCF	C1 деңгейінен кем емес	35
	C2 деңгейінен кем емес	50

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
2-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
3-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.07.2024 № 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
4-қосымша

GMAT стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
5-қосымша

Докторантура білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Докторантура білім беру бағдарламасы тобының атауы
D001	Педагогика және психология
D002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
D003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
D004	Бастапқы әскери дайындық педагогтерін даярлау
D005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау
D006	Музыка педагогтерін даярлау
D007	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау
D009	Құқық және экономика негіздері
D010	Математика педагогтерін даярлау
D011	Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)
D012	Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)
D013	Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)
D014	Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)
D015	География педагогтерін даярлау
D016	Тарих педагогтерін даярлау
D017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
D018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
D019	Шет тілі педагогтерін даярлау
D020	Әлеуметтік педагогика бойынша кадрларды даярлау
D021	Арнайы педагогика
D200	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау (сала бойынша)

D022	Музыкатану
D023	Аспаптық орындаушылық
D024	Вокалдық өнер
D025	Дәстүрлі музыка өнері
D026	Композиция
D027	Дирижирлеу
D028	Режиссура
D029	Театр өнері
D030	Эстрада өнері
D031	Хореография
D032	Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс
D033	Бейнелеу өнері
D034	Өнертану
D035	Сән, дизайн
D036	Полиграфия
D037	Арт-менеджмент
D050	Философия және әдеп
D051	Дінтану және теология
D052	Исламтану
D053	Тарих
D153	Археология және этнология
D253	Музей ісі және ескерткіштерді қорғау
D054	Түркітану
D055	Шығыстану
D056	Аударма ісі, ілеспе аударма
D057	Лингвистика
D058	Әдебиет
D059	Шетел филологиясы
D060	Филология
D061	Әлеуметтану
D062	Мәдениеттану
D063	Саясаттану және конфликтология
D064	Халықаралық қатынастар
D164	Халықаралық экономикалық қатынастар
D065	Аймақтану
D066	Психология
D067	Журналистика және репортерлық іс
D068	Қоғаммен байланыс
D069	Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі
D070	Экономика
D071	Мемлекеттік және жергілікті басқару
D072	Менеджмент және басқару

D073	Аудит және салық салу
D173	Мемлекеттік аудит
D074	Қаржы, банктік және сақтандыру ісі
D075	Маркетинг және жарнама
D076	Еңбек дағдылары
D077	Бағалау
D078	Құқық
D079	Сот сараптамасы
D080	Биология
D081	Генетика
D082	Биотехнология
D083	Геоботаника
D084	География
D085	Гидрология
D086	Метеорология
D087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы
D088	Гидрогеология және инженерлік геология
D089	Химия
D090	Физика
D091	Сейсмология
D092	Математика және статистика
D093	Механика
D094	Ақпараттық технологиялар
D194	Математикалық және компьютерлік модельдеу
D095	Ақпараттық қауіпсіздік
D195	Криптология
D096	Коммуникация және коммуникациялық технологиялар
D097	Химиялық инженерия және процесстер
D098	Жылу энергетикасы
D099	Энергетика және электр техникасы
D100	Автоматтандыру және басқару
D101	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы
D102	Роботты техника және мехатроника
D103	Механика және металл өңдеу
D104	Көлік, көліктік техника және технология
D105	Авиациялық техника және технологиялар
D106	Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану
D107	Ғарыштық инженерия
D108	Наноматериалдар және нанотехнологиялар

D109	Мұнай және кен геофизикасы
D110	Теңіз техникасы және технологиялары
D210	Магистральды желілер және инфрақұрылым
D310	Көліктік имараттар
D111	D111 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі
D112	Ағаш өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар технологиясы
D113	Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы
D114	Тоқыма: киім, аяқ-киім және былғары бұйымдар
D115	Мұнай инженериясы
D116	Тау-кен инженериясы
D117	Металлургиялық инженерия
D118	Пайдалы қазбалар байыту
D119	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
D120	Маркшейдерлік іс
D121	Геология
D122	Сәулет
D123	Геодезия
D124	Құрылыс
D125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі
D126	Көлік құрылысы
D127	Инженерлік жүйелер мен желілер
D128	Жерге орналастыру
D129	Гидротехникалық құрылыс
D229	Гидромелиорация
D329	Сумен қамтамасыз ету және суды бұру
D429	Гидротехникалық құрылыс және су ресурстарын басқару
D130	Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)
D131	Өсімдік шаруашылығы
D132	Мал шаруашылығы
D133	Орман шаруашылығы
D134	Балық шаруашылығы
D135	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету
D136	Автокөлік құралдары
D137	Су ресурстары және суды пайдалану
D138	Ветеринария
D139	Қоғамдық денсаулық сақтау
D140	Фармация
D141	Медицина

D142	Әлеуметтік жұмыс
D152	Спорт
D143	Туризм
D144	Тынығу
D145	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі
D146	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар
D147	Көлік қызметі
D148	Логистика (сала бойынша)
D149	Құқық қорғау қызметі
D150	Өрт қауіпсіздігі
D151	Мейіргер ғылымы

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
6-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
7-қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест*	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25

Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест **	Бірінші бейінді пән бойынша	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Барлығы			130	150	75

*** араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсу үшін араб тілінен түсу емтиханы тапсырылады. Ескерту: шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсу үшін шығармашылық емтихандар тапсырылады.**

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
7-1-қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Ескерту. Қағидалар 7-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест**	Бірінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	20	40	7
Барлығы			50	70	30

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
8-қосымша

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бірінші бейінді пән бойынша	Ағылшын	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Ағылшын	20	40	7
Барлығы			50	70	30

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 9-қосымша

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Ескерту. Қағида 9-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 08.07.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Емтихан бөлімі	Балл
ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100

Бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша, оның ішінде индустриялық PhD бағдарламалары бойынша докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 80-балдық шкаласы

Емтихан бөлімі	Балл
ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	25
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	80*

* Кәсіпорындар мен ұйымдардың ұсыныс хаты болған жағдайда қосымша 5 балл беріледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
9-1-қосымша

Қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу кезінде техникалық жарақтандыру жөніндегі ең төмен техникалық талаптар

Ескерту. 9-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.07.2026 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Тестілеуді өткізу кезінде емтихан тапсырушы тұлғалар жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну бойынша сәйкестендіруден өтеді.

2. Тестілеу кезінде қолмен немесе жақтау түріндегі металл детекторлар қолданылады. Тестілеуге іске қосу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде емтихан алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде, сондай-ақ олардың ғимаратқа байланыс құралдарын, электрондық-есептеу техникасын, фото -, аудио-және бейнеаппаратураны, анықтамалық материалдарды, жазбаша жазбаларды және ақпаратты сақтау мен берудің өзге де құралдарын алып келуіне жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Тестілеуді бастау үшін емтихан алушы биометриялық сәйкестендіру арқылы жеке басын растауы керек.

4. Тестілеу залдары жұмыс станцияларымен (кемінде Intel Core i3 процессоры, кемінде 4 Гб жедел жады), үй-жайларды кондиционерлеу жүйелерімен, диспенсермен, күту залымен жабдықталады.

5. Әрбір жұмыс станциясында тестілеу процесінің бейнежазбасын жүргізу үшін веб-камералармен жабдықталады.

6. Тестілеу залдары заманауи цифрлық бейне бақылау жүйесімен жабдықталады. Тестілеуді өткізудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін аудитория өткізу пункттерінде жалпы бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

7. Әрбір тестілеу залында басып шығару мүмкіндігі бар принтер орнатылады.

8. Әрбір тестілеу залы басқарылатын коммутатормен және жергілікті желімен жабдықталады және киберқауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі

білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 10-қосымша

Қосымша тестілеуге немесе компьютерлік форматтағы докторантураға түсу емтиханына кіргізу барысында тыйым салынған заттарды табу бойынша акт

Ескерту. Қағидалар 10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(код және ұйымның атауы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл " ____ " сағат " ____ " минут

Тестілеу әкімшілері тобының басшысы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Бақылаушы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Осы акт қосымша тестілеуге немесе докторантураға түсу емтиханына немесе апелляцияға өтініш беруге кіргізу барысында (керегінің астын сызу) түсушіден Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда) _____,

ЖСН _____ жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 20-3-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылғандығы туралы жасалды:

(табылған заттың атауы, маркасы, саны)

Аталған фактіні ескере отырып, жоғарыда көрсетілген түсушіні ғимараттан шығару және қосымша тестілеу немесе түсу емтиханына немесе апелляцияға өтініш беруге (керегінің астын сызу) жібермеу туралы шешім қабылданды.

Қол қоюшы тұлғалар:

(қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы әкімшілер тобы басшысының Т.А.Ә.


(бар болған жағдайда) және қолы)

(акт жасаған қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда) және қолы)

(өңірлік мемлекеттік комиссия өкілінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)
(бар болған жағдайда)

(бақылаушының (бар болған жағдайда) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)
Актімен таныстым:

(түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
кабылдаудың үлгілік
қағидаларына 11-қосымша

**Қосымша тестілеу немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына
кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт**

Ескерту. Қағидалар 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(код және ұйымның атауы)

"__" _____ 20__ жыл "__" сағат "__" минут

Тестілеу әкімшілері тобының басшысы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Бақылаушы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Осы акт жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалардың 20-Зтармағының бұзылғандығын дәлелдейтін, қосымша тестілеуге немесе докторантураға түсу емтиханына немесе апелляцияға өтініш беруге кіргізу барысында (керегінің астын сызу) түсушінің (ТАӨ (болған жағдайда)) орнына

ЖСН _____ азамат/азаматша (Т.А.Ө. (бар болған жағдайда))

кіру әрекеті фактісі анықталғандығы туралы жасалды.

Аталған фактіні ескере отырып, жоғарыда көрсетілген түсушіні ғимараттан шығару және қосымша тестілеуге немесе түсу емтиханына немесе апелляцияға өтініш беруге жібермеу (керегінің астын сызу) туралы шешім қабылданды.

Қол қоюшы тұлғалар:


(қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы әкімшілер тобы басшысының Т.А.Ө. (бар болған жағдайда) және қолы)

(акт жасаған қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ө. (бар болған жағдайда) және қолы)

(өңірлік мемлекеттік комиссия өкілінің Т.А.Ө. (бар болған жағдайда) және қолы) (бар болған жағдайда)

(бақылаушының Т.А.Ө. (бар болған жағдайда) және қолы) (бар болған жағдайда)
Актімен таныстым:

(түсуші-бөгде тұлғаның Т.А.Ө. (бар болған жағдайда) және қолы)



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 11-1-қосымша

Қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшілері тобының басшысы

(Т.А.Ә. (бра болған жағдайда) қолы)

Отырғызу парағы

Ескерту. 11-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұйым _____

(код және атауы)

Аудитория: № _____

Тестілеудің басталуы: _____ сағат _____ минут

Тестілеудің аяқталуы: _____ сағат _____ минут

Лек: № _____ Ғимарат: _____ Мерзімі : _____

№	ЖСН	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Логин	Пароль	Орны №	Аудиториядан шығу/аудиторияға кіру уақыты				Аудиторияда тәртіп сақтау ережесі мен танысқандығы туралы түсушінің қолы	Ескерту
						Шығу уақыты	Кіру уақыты	Шығу уақыты	Кіру уақыты		
1											
2											
3											

Барлық түсушілердің саны: _____

"Ескерту" бағаны "Келмеді", "Шығарылды" және "Қайта отырғызу уақыты мен орны" сөздерін жазуға арналған.


"Аудиторияда тәртіп сақтау ережесімен танысқандығы туралы белгі" бағаны "Таныстым" сөзін жазуға арналған.

Түсушілерді өз орындарына отырғызуға, түсушілердің аудиторияда тәртіп сақтауына жауап беремін.

Аудиторияға жауапты қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшісі

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (қолы))

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (қолы))



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 11-2-қосымша

Қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшілерін аудиториялар бойынша бөлу

Ескерту. 11-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұйым _____


(код және атауы)

Лек № _____ Мерзімі: _____

№	Аудиториялық қорға сәйкес аудитория №	Бекітілген отырғызу орындары (№ _____ орыннан № _____ орынға дейін)	Аудиторияға жетекшілік ететін қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшісінің қолы
1				
2				
3				
4				

Қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшілері тобының басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.) (бар болған жағдайда)



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 12-қосымша

Қосымша тестілеуді немесе түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы, қосымша тестілеу немесе түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт

Ескерту. Қағидалар 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(код және ұйымның атауы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл " ____ " сағат " ____ " минут

Тестілеу әкімшілері тобының басшысы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Бақылаушы _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Осы акт қосымша тестілеу немесе докторантураға түсу емтиханы немесе апелляцияға

өтініш беру барысында (керегінің астын сызу) түсушіден Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда)

ЖСН _____ қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу

барысында _____ № ____ аудитория, № ____ орын, жоғары оқу орнынан
кейінгі

білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік қағидалардың 20-4-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін,
төмендегі заттар табылғандығы туралы жасалды:

(табылған заттың атауы, маркасы, саны)

Аталған фактіні ескере отырып, жоғарыда көрсетілген түсушіні аудиториядан шығару

және қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының нәтижелерін жою немесе апелляцияға берілген өтінішті жою (керегінің астын сызу) туралы шешім қабылданды.

Қол қоюшы тұлғалар:

(қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшілері тобы басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(акт жасаған қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(бақылаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы) (бар болған жағдайда) Актімен таныстым:

(түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 12-1-қосымша

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланған, тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) тестілеу жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы анықталған түсушілерді анықтау туралы акт

Ескерту. 12-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____	_____	_____	" ____ " _____ 20__
қаласы			__ ЖЫЛ

Осы акт

қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізу кезінде төмендегі түсушілерде тыйым салынған заттарды пайдалану және тәртіп сақтау қағидаларын бұзу және (

немесе) тестілеу жүйесіне араласуға әрекет жасауы және (немесе) араласуы анықталғандығы туралы жасалды:

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	ЖСН	ТЖК	Тестілеу күні	Мекен жай	Лек	Аудитория	Орын	Балл жиынтығы	Сертификат №	Бұзушылық түрі
---	------------------------------	-----	-----	---------------	-----------	-----	-----------	------	---------------	--------------	----------------

Біз, төменде қол қоюшылар, қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының бейнебақылау жазбаларын талдау және тестілеу жүйесіндегі түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесінде жоғарыда көрсетілген түсуші қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу ережелерін бұзғанын растаймыз:


(Комиссия төрағасының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(Комиссия мүшесінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(Комиссия мүшесінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(Комиссия мүшесінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(Комиссия хатшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 13-қосымша

Қосымша тестілеуді немесе докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт

Ескерту. Қағидалар 13-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(код және ұйымның атауы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл " ____ " сағат " ____ " минут

Тестілеу әкімшілері тобының басшысы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Бақылаушы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Осы акт Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалардың 20-4-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін, түсушінің (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) _____ ЖСН _____ орнына азамат/азаматша (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

қосымша тестілеуді немесе докторантураға түсу емтиханын тапсыру немесе апелляцияға өтініш беру (керегінің астын сызу) әрекеті фактісі анықталғандығы туралы жасалды.

Аталған фактіні ескере отырып, жоғарыда көрсетілген түсушіні № ____ аудиториядан шығару және қосымша тестілеу немесе түсу емтиханының нәтижелерін немесе апелляцияға берілген өтінішті жою (керегінің астын сызу) туралы шешім қабылданды.


Қол қоюшы тұлғалар:

(қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы әкімшілері тобы басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

(акт жасаған қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

(бақылаушының (бар болған жағдайда) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)
Актімен таныстым:

(түсуші-бөгде тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 14-қосымша

**Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау
актісі**

Ескерту. Қағидалар 14-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(ұйымның атауы)

Күні "____" _____ 20 ____ жыл

уақыты "____" сағат "____" минут

Осы акт қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу барысында техниканың техникалық ақауы анықталғандығы туралы жасалды.

Аталған фактіні ескере отырып, шешім қабылданды: _____

№	Түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	ЖСН	Техникалық ақаудың уақыты	Техникалық ақаудың себебі	Шешім				Биометрия бойынша кіру/қалпына келтірумен кіру (қалпына келтіру күні мен уақыты)
					Енгізу-шығару құрылғысының ауыстыру	Компьютерді қайта іске қосу	Басқа компьютерге отырғызылды		
							№ ____ отырғызу орнынан	№ ____ отырғызу орнына	

Қол қоюшы тұлғалар:


(қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшілері тобының басшысының Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда) қолы)

(акт жасаған қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда) қолы)

(бақылаушының (бар болған жағдайда) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)
Актімен таныстым:

(түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)



Жоғары оқу орнынан кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына 15-қосымша

Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы процесін тоқтату (күшін жою) және басқа күнге ауыстыру туралы акт

Ескерту. Қағидалар 15-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 21.10.2025 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(ұйымның атауы)

Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл

Уақыты " ____ " сағат " ____ " минут

Өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағасы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Түсу емтиханының әкімшісі

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Бақылаушы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын өткізудің тоқтату және басқа күнге ауыстыру туралы осы актіні жасады.

Өткізу пунктiнiң коды	Өткізу пунктiнiң атауы	Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын тоқтатудың күні мен уақыты	Қосымша тестілеу немесе түсу емтиханын тоқтатудың себебі

Қол қоюшы тұлғалар:

(қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшілері тобының басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағасының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(акт жасаған қосымша тестілеу және түсу емтиханы әкімшісінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(бақылаушының (бар болған жағдайда) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

(түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

